



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жер және Ғарыш. Жер. Ғарыш Кеңістік және уақыт

Тақырып: Жер қабықтары қалай орналасқан?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеуді үйренеді. Көптеген оқушылар: жер қабықтары қалай орналасқанын біледі. Кейбір оқушылар: биосфераның тіршілік иелерін анықтайды
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Биосфера, жер қабықтары. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Жер қабықтарының орналасуын қалай бейнелеуге болады? Биосфера басқа қабықтармен қалай байланысады?
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Жер және ғарыш туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар Жердің пішінін сипаттай алады, оның Күнмен байланысын түсінеді, Жердің табиғи және жасанды серіктері туралы ұғымы бар. Астрономияны ғарыш туралы ғылым екенін, «ғарыш» ұғымын түсіндіре алады. Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың атауларын, олардың негізгі сипаттарын біледі. Ғарыш денелерін зерттеуге арналған аспаптарды, құралдарды және ұшу аппараттарын атайды. Оқушылар біздің белгілі бір кеңістікте өмір сүретінімізді, уақытты есептейтінімізді біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама –қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап, баланың қасиетін айтады. Осы қасиеттері бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мейірімді балалар» тобы 2-топ: «Бауырмал балалар» тобы 3-топ: « Ақылды балалар» тобы Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Жүппен жұмыс» Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамды естуге, тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді. Жүппен жұмыс істеуде балалар өз серігін өзі таңдайды. Жыл көлемінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынасқа жасауға үйренеді. Жер сфералары неден құрылған? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. Жер қабықтарының орналасуын қалай бейнелеуге болады? Биосфера басқа қабықтармен қалай байланысады? «Иық тірескен шеңбер» Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді. Мұғалімнің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс. Дескриптор: жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеуді үйренеді. жер қабықтары қалай орналасқанын біледі. биосфераның тіршілік иелерін анықтайды. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Барлық қатысушылардың көзін байлап, бойлары қысқадан ұзынға қарай орналасу тапсырылады. Сөйлесуге тыйым салынады. Кім өзінің бойының шамасын дұрыс бағамдады? Кім бойын ұзын, қысқа деп ойлап орнын таба алмады? Анықталады.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.</p>	
Рефлексия	<p>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Ойлан. Оқушыларға сұрақ қойыңыз: «Уақыт өткен сайын Жердің келбеті өзгере ме?» Адам баласының әр қабатқа қандай өзгерістер әкелетіні жайлы талқылаңыз. Оң және теріс ықпалдарға көңіл бөліңіз. Мысалы, үй жануарларын өсіру (сиырлар, қойлар) және жабайы табиғатта жануарларды жою (жолбарыстар, қар барысы). Оқулықтағы суреттерді қараңыз. Суретте қандай әсердің бейнеленгені жайлы талқылаңыз (өсімдіктер санының биосфера өкілдері ретінде өсуі) және атмосфераның ластануы. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушылар «Еркін микрофон» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтты.</p>	